

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН» ҰҒЫМЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

Кайров Мурат Максұтович

aigul_bekbol@mail.ru

7M01301 «Білім берудегі менеджмент» білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, қауымд.профессор, п.ғ.к. - Утешкалиева А.М.

Ұлттық ойындар – бірқатар дәуірден бері атадан балаға мұра ретінде беріліп отырған, сол бір тарихи дәуірдегі адамдардың тұрмыс-салтын, өмірін, мәдениеті мен руханиятын бейнелеуші, белгілі бір ұлттың болмысын айқындаушы ойындардың жиынтығы.

Педагогика саласында ұзақ уақыттан бері ұлттық болмыстың белгілі бір элементтерін оқушыларға білім мен тәрбие беруде қолданудың маңыздылығы мен мәні туралы айтылып келеді. Осы тұста айта кетерлік жәйт, ұлттық ойындарды-оқушылардың бос уақытын толықтыратын белгілі бір құрал ретінде ғана көрумен шектелу бұл қате тұжырым болып табылады. Ұлттық ойындар –оқушыларға білім беруші, тәрбиелеуші біртұтас, толыққанды, көп функцияға ие болған этнопедагогикалық элементтердің бірі болып табылады.

Ұлттық ойындарды оқушылардың тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуында қолдану ұсыныстары көптен бері педагогтардың арасында алға тартылып келеді. Мәселен ғалымдар: қазақстандық ғалымдар Сабырова Т., Құжагельдин О.Б., Құсайнов А.К., шетелдік ғалымдар Лесгафт П.В., Волков Г.Н. ғалымдар этнопедагогикалық элементтерді оқу және тәрбиелеу процесіне енгізудің педагогикалық мүмкіндіктері туралы маңызды іздену жұмыстарын жүргізді.

Енді, ұлттық ойындарды этнопедагогикалық элементтердің бірі ретінде оқушылардың дамуына әсер ету мүмкіндіктеріне жеке-жеке тоқтала кетсек. Ең біріншіден, ұлттық ойындар оқушылардың денсаулығының нығаюына және дене бітімінің дұрыс дамуына ықпал ететін құрал болып табылады. Бұл туралы зерттеулер жүргізген авторлардың бірі Волков Г.Н болды. Ресей ғалымы Волков Г.Н. оқушылардың дене бітімінің жас ерекшеліктеріне сай дамуы мен қалыптасуы үшін ұлттық ойындарды оқу процесінде пайдаланудың мынадай артықшылықтарын анықтаған (сурет-1).

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

оқушының өз жас ерекшеліктеріне орай үйлесімді түрде дене бітімінің дамуына түрткі болатын этнопедагогикалық маңызды құралдардың бірі

оқушының қимыл-қозғалысын өрбітеді, тез жылдамдық пен епшілікті қажет етуші ұлттық ойындар балалардың денсаулығының артуына септігін тигізеді. Оқушылар арасындағы семіздік, аз қозғалысқа негізделген өмір салты іспеттес проблемаларды шешуде ұлттық ойындардың алар орны зор

оқушылардың моторлы қозғалысының, моторлы дағдыларының қалыптасуына септігін тигізеді. Өйткені, ұлттық ойындардың барлығы дерлік баланың жүруін, секіруі лақтыруы тез қимылдауын талап етеді


Сурет-1. Оқушылардың физиологиялық дамуында ұлттық ойындардың ықпалы Волков Г.Н. бойынша

Ұлттық ойындар оқушыларға ықпал етуші этнопедагогикалық құралдардың бірі ретінде баланың адами қасиеттерінің қалыптасуына және жас ұрпақтың әлеуметтенуіне де оң ықпалы бар екендігін анықтаған, зерттеу жүргізген қазақстандық авторлардың бірі – Құжагельдин О.Б болды. Автор өзінің зерттеулерін этнопедагогикалық құралдардың оқушылардың адами және коммуникациялық дағдыларының қалыптасуына әсер ету деңгейі мен мүмкіндіктерін зерттеуге арнаған. Ғалымның пайымдаулары бойынша ұлттық ойындарды орта мектептегі оқу және тәрбиелеу процесіне етене ендірудің нәтижесінде оқушылардың бойында мынадай оң тәрбиелік және әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізуге болады:

-ұлттық ойын оқушылардың әлеуметтенуінде этнопедагогикалық феномен ретінде. Ұлттық ойындарды оқу және тәрбиелеу процестеріне енгізу арқылы балалардың өзара топтасып әрекет ететін ұжым құрастыруына мүмкіндік туады. Балалар, сол ойын барысында өз тобында өзара келісімге келуге, диалог құруға, бір-бірінің наразылықтары мен талаптарын, қалауларын түсінуге, өзінің қажеттіліктерін ашық айта білуге дағдыланады. Осының нәтижесінде ұлттық ойындарға негізделген оқу және тәрбиелеу процесінде балалар әлеуметтенеді, топқа араласуға үйренеді.

-ұлттық ойын-оқушылардың адам қасиеттерін өрбітеді және баланың ерік-жігерін шыңдайды. Ұлттық ойын ойнау барысында балалар адамгершілік, шыншылдық, адами қасиеттер, әділдік, тең дәрежеде ойнау іспеттес дағдыларды меңгереді және ойын барысында жеңіске жету, жеңілген жағдайда жеңілісті де қабылдау, мойындау, қарсылас тарапты құрметтеу, ілтипаттылық, сенімді қарым-қатынасқа түсуге үйренеді.

-ұлттық ойын-балалардың сөйлеу әдебін дамытады. Ұлттық ойындардың басым көпшілігі өлеңдермен, өзара сөйлесумен жүзеге асырылғандықтан осы процесте (яғни ұлттық ойынға ойнау процесінде) балалар сөйлеу және коммуникацияға түсу дағдысын меңгеріп шығады (сурет-2).




Сурет-2. Ұлттық ойынның тәрбиелік және әлеуметтік мүмкіндіктері

Ұлттық ойындарды оқу және тәрбиелеу процесіне енгізу арқылы оқушылардың бойында отансүйгіштік мен өз ұлтына деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру мүмкіндігі де туады. Қазақтың ұлттық ойындары негізінде оқушылардың өз ұлтының тарихына, өткен тұрмыс салтына, салт-дәстүрлері мен қазақ халқының ұлттық болмысына, мінез-құлқына деген ілтипаттылық сезімдерін сіңіру мүмкіндіктері туралы зерттеген авторлардың бірі - Құсайнов А.К., Сабыров Т.С., Туленова Ұ.Т. болатын. Ғалымдардың пайымдауынша қазақтың ұлттық ойындарын мектеп оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай сабақ барысында және сабақтан тыс уақыттарда енгізудің нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

-ұлттық ойын-қазақ халқының ұлттық мұрасымен таныстырушы этнопедагогикалық элемент ретінде. Ұлттық ойындар өткен дәуірдегі қазақ халқының тарихымен, дүниетанымымен, құндылықтарымен, салт-дәстүрлерімен таныстырушы құрал болып табылады.

-ұлттық ойын-оқушының өзінің ұлттық болмысын анықтаушы құрал ретінде. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнау арқылы бала өзін қазақ халқының бір бөлшегі екенін сезінеді, баланың бойында ұлттық болмыс қалыптаса бастайды. Нәтижесінде оқушыларда өз отанына деген сүйіспеншілік пен өз халқының тағдырына қатысты жанашырлық сезімі негізделеді.

-ұлттық ойын-оқушының толеранттылығын негіздеуші педагогикалық құрал ретінде. Оқушылар оқу және тәрбиелеу процесінде тек қазақ халқының ұлттық ойындарымен шектелмей, өзге де халықтардың ұлттық ойындарымен танысады, ойнайды. Соның нәтижесінде өзге де халықтардың мінез-құлқымен, жан дүниесімен, тарихымен, мәдениетімен, ұлттық санасымен танысады. Бұл өз кезегінде балалардың толеранттылық қасиеттерін, өзге ұлттарды құрметтеу сезімдерін өрбіте түседі (сурет-3).




Сурет-3. Оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруда және ұлттық болмысын айқындауында ұлттық ойындардың мүмкіндіктері

Ұлттық ойындардың түрлі педагогикалық мүмкіндіктерін сараланды. Ең бастысы ұлттық ойын-оқушының тұлға ретінде қалыптасуына түрткі болатын педагогикалық мүмкіндіктері де аса мол. Ұлттық ойындардың дидактикалық мүмкіндіктері туралы зерттеген авторлардың бірі Дүйсенбаев А.Т. болды. Автор баланың ақыл-ойын, қиялдануын, аналитикалық және стратегиялық ойлауын дамытуда қазақтың ұлттық ойындарының мүмкіндіктері зор екендігін дәлелдей түсетін арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалымның пайымдауынша қазақтың ұлттық ойындарының мынадай дидактикалық және дамытушылық мүмкіндіктері байқалады:

-ұлттық ойын-оқушылардың дидактикалық мүмкіндіктерін жетілдіруші құрал ретінде. Ұлттық ойындар қарапайым педагогикалық ойындардан айырмашылығы бар. Ұлттық ойындардың арнайы мақсаттары мен жоспарланатын нәтижелері болады, сондықтан ұлттық ойын оқушылардың ақыл-ой, зияткерлік мүмкіндіктерін дамытуда педагогикалық артықшылықтары көптеу.

-ұлттық ойын-оқушының стратегиялық ойлау қабілеттерін арттырушы дидактикалық элемент ретінде. Қазақтың ұлттық ойындарының кейбіреулері (мысалға айтсақ, тоғызқұмалақ) оқушылардың стратегиялық және аналитикалық ойлауын талап етеді. Сонымен бірге кейбір қазақтың ұлттық ойындары негізінде балалардың есте сақтау қабілеттері мен логикасы өрби түсуіне мүмкіндіктер туады.

-ұлттық ойын-оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастырушы педагогикалық-дамытушы құрал ретінде. Ұлттық ойындар оқушылардың қиялын дамытады, ойлау жүйесін шыңдайды. Сонымен қатар ұлттық ойындар балалардың жаңа білімді игеруге деген ынта-ықыласын және сабаққа қызығушылығын арттырады (сурет-4).



Сурет-4. Ұлттық ойынның дидактикалық және дамытушылық мүмкіндіктері Қорытында

айтқанда, ұлттық ойын түрлерінің педагогикалық, дидактикалық, дамытушылық мүмкіндіктері туралы сөз қозғалғанда қазақтың ұлттық ойындары туралы зерттеулерге тоқталмай кетуге болмас. Қазақтың ұлттық ойындары мектеп оқушыларының үйлесімді дамуына түрткі бола алатын жан-жақты, кешенді және көп қырлы этнопедагогикалық құрал болып табылады.

Ұлттық ойынның педагогикалық мүмкіндіктері туралы қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің біршама ғылыми еңбектерін де атап өткен жөн болар.

Ұлттық ойындардың басты функциясы-оқушыларға ұлттық мұрамен таныстыру мүмкіндіктерінде. Осының нәтижесінде оқушылар өткен мен бүгінді байланыстыруға үйренеді, нәтижесінде оқушылардың ұлттық дүниетанымы нығая түседі. Ұлттық ойын көп шығынды қажет етпейтін педагогикалық құрал болып табылады. Ұлттық ойынды ұйымдастыру үшін кез-келген қарапайым мектеп жағдайы да сәйкес келеді деп айтуға болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Симонов В.П.. Управление в социальных системах. Издание 3-е., Учебное пос.е., М.Юрайт., 2006 г.
2. Исмагулова С. Управлением школы: теория и практика. Учебное пособие. А., 2010 г.
3. Каренов Р. Теория и менеджмент образования. А., 1999 г.
4. Бондарь В.И. Управлением школы: теория и практика. Учебное пособие. А., 2010 г.
5. Конаржевский Ю. Педагогический анализ учебного процесса и управление школой. М., 1986 г.
6. Кондаков М. Теория и менеджмент образования. А., 1999 г.
7. Портнов М.Л. Менеджмент образовательными системами. Москва., 2005 г.
8. Управлением школы: теория и практика. Учебное пособие. А., 2010 г.
9. Лецких Л.А. О сущности педагогического анализа//Управление современной школой. 2009. №1., с-4-19.
10. Канаев Б. Педагогический анализ: теория и практика. Учебное пособие. А., 2010 г.